

## Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу туралы

Түркістан облысы Сауран аудандық мәслихатының 2026 жылғы 22 мамырдағы № 331 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Сауран аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сауран ауданының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіппен және шарттарда ауданның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемақылар осы шешімнің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сауран аудандық мәслихатының төрағасы

С. Байсбаев

Сауран аудандық мәслихатының  
2026 жылғы "22" мамырдағы  
№ 331 шешіміне 1-қосымша

**Ауданның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын Сауран ауданы әкімдігі Ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақылары**

№ р/с	Буындар мен біліктілік разрядтар атауы	Лауазымдық жалақыға үстемақы мөлшері
1	2	3
1	A1-3	30%
2	A1-3-1	30%
3	A3-3	30%
4	B2-4	30%
5	B3-4	30%
6	C-2	30%
7	C-3	30%
8	D	30%

Сауран аудандық мәслихатының

**Ауданның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын Сауран ауданы әкімдігі Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Жасыл Сауран" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмысшыларының лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақылары**

№ р/с	Лауазымдардың толық жазылуы ( атауы)	Лауазымдық жалақыға үстемақы
1	2	3
1	Жүргізуші	50%